

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

**7 – 12 ақпан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының  
ТАЛДАМАСЫ**

12 ақпан

Апталық жоспарға сәйкес 7–12 ақпан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, уақытылы электронды журналға жүктелуі мен бекітілуі бақыланды.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері, денсаулығына байланысты анықтамалар бойынша есеп алынды.
4. Әкімшілік және тәлімгерлер тарапынан жас мамандардың сабақтары бақыланып, әдістемелік ұсынымдар айтылып, кері байланыс берілді.
5. МЖМББС менгеру деңгейін бақылау мақсатында 7-10-сыныптарда №2 білім тексеру сынағының өткізілді.
6. Қалалық пәндер олимпиадасына дайындық жалғастырылды және оқушылардың дайындығы қадағаланды.
7. «Тіл дарыны» «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында ағымды жылдың 10 ақпан күні 8-11-сынып оқушылары арасында «Тіл дарыны» мектепшілік байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: Үш тілді - қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген оқушыларды анықтап, қолдау көрсету, ынталандыру, тіл мәдениетін жетілдіру. Байқауға 21 оқушы қатысып келесі оқушылар жеңімпаз атанды:  
I орын – Касенова Дария, Ким Камила, Кажмуқанова Фариза, Билялова Алика  
II орын – Тұрсынбек Каусар, Дулатова Алуа, Балсеит Елдана, Жумағай Саяпа  
III орын – Аманжол Лаура, Әбу Ғалия, Бекмолдина Жанерке, Наурызбаева Мерей  
Байқаудың қорытындысы бойынша облыстық кезеңге қатысатын оқушылар:  
1. Касенова Дария 8 «А»-сынып  
2. Ким Камила 9 «Б»-сынып  
3. Кажмуқанова Фариза 10 «В»-сынып  
4. Билялова Алика 11 «А»-сынып.
8. Апта бойы республикалық ғылыми жобалар конкурсына дайындық жұмыстары жүргізілді.
9. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Қ. Бітібаева ат. облыстық олимпиадаға, «Абайтау» республикалық олимпиадаға, «Абай әлемі» шығармашылық конкурсына оқушыларды дайындады.
10. ЖМЦ пәндері мұғалімдері 7-8-сынып оқушыларымен юниор олимпиадасына дайындық жүргізді.
11. Элективті, таңдау бойынша пәндер курстарының өтуі қадағаланды.